



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Ақтөбе қаласы

№75

27.08.2024ж.

«2024-2025 оқу жылын бастау және аяқтау, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы, Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2024 жылғы 8 тамыздағы №386 бұйрығы негізінде, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2024 жылғы 19 тамыздағы №367 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің №4-17-02-10/6213-И хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі 27.05.2024 жылғы комиссия отырысының хаттамасымен берілген тапсырмаларды орындау мақсатында 2024-2025 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп әкімшілігіне
 - 1.1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хаты басшылыққа алынсын.
 - 1.2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы негізінде жаңа 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін қажетті барлық шаралар қабылдансын.
 - 1.3. Білім алушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.
 - 1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
 - 1.5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін:
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан №34 орта мектебінде 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мерзімдері:
 - 2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;
 - 1-11(12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
 - 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
 - 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
 - 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
 - 1-сыныптарда қосымша каникул – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда)
 - 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
 2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мерзімдері:
 - 9 сынып білім алушылары үшін:
 - 1) Математика(алгебрадан) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2025 жылғы 29 мамыр;
 - 2) Қазақ тілі бойынша(оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқитындар үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет(оқыту тілі бойынша), шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 5 маусым;

4) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2025 жылғы 10 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін:

1) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;

3) Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 12 маусым.

5) Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

1.6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

Мектеп директоры



А.Ж.Айзакова